

**"Жасыл" облигациялар және "жасыл" кредиттер" арқылы қаржыландыруға жататын "жасыл" жобалардың сыныптамасын (таксономиясын) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 996 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 27 наурыздағы № 232 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Жасыл" облигациялар және "жасыл" кредиттер арқылы қаржыландыруға жататын "жасыл" жобалардың сыныптамасын (таксономиясын) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 996 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "жасыл" облигациялар және "жасыл" кредиттер арқылы қаржыландыруға жататын "жасыл" жобалардың сыныптамасында (таксономиясында):

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "жасыл" облигациялар және "жасыл" кредиттер арқылы қаржыландыруға жататын "жасыл" жобалардың сыныптамасы (таксономия) (бұдан әрі – таксономия) Қазақстан Республикасының Экология кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 130-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және "жасыл" облигациялар мен "жасыл" кредиттер арқылы қаржыландырылатын және қазіргі табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға, қоршаған ортаға келеңсіз әсер деңгейін төмендетуге, энергия тиімділігін, энергия үнемдеуді арттыруға, климаттың өзгеру салдарын жұмсартуға және климаттың өзгеруіне бейімделуге бағытталған, осы таксономияға қосымшада келтірілген "жасыл" жобалар санаттарын (сандық және сапалық шекті мәндерді қоса алғанда) сыныптау жүйесін білдіреді.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Таксономия мынадай санаттарды қамтиды:

1) жаңартылатын энергия (жел, күн, геотермальды, гидро-, биоэнергия, жаңартылатын энергия көздеріне арналған жеткізілімдер тізбегі және қосалқы инфрақұрылым, сутегі өндірісі);

2) энергия тиімділігі (жұмыс істеп тұрған және салынып жатқан өнеркәсіп объектілерінде және агроөнеркәсіптік секторда энергия тиімділігін арттыру, бюджеттік және коммуналдық секторда энергия тиімділігін арттыру, энергиялық тиімді ғимараттар, құрылыстар мен құрылысжайлар);

3) "жасыл" ғимараттар ("жасыл" ғимараттар, ілеспе жүйелер және құрылыс материалдары, "жасыл" инфрақұрылым);

4) ластанудың алдын алу және бақылау (ауа, топырақ сапасы);

5) суды, қалдықтарды орнықты пайдалану (суды орнықты пайдалану және суды үнемдеу, қалдықтар мен сарқынды сулар, ресурстарды сақтау және қалпына келтіру);

6) орнықты ауыл шаруашылығы, жер пайдалану, орман шаруашылығы, биоәртүрлілікті сақтау және экологиялық туризм (орнықты ауыл шаруашылығы, ормандарды орнықты басқару және биоәртүрлілік пен экожүйелерді сақтау, орнықты туризм);

7) таза көлік (төмен көмірсутекті көлік құралдары, төмен көміртекті жүк тасымалдары, таза көлік инфрақұрылымы, таза көліктік ақпараттық және коммуникациялық технологиялар);

8) өтпелі энергетика (газ тәріздес қазбалы отыннан электр және жылу энергиясын өндіру, отынды алмастыру, атом энергетикасына арналған жабдықтарды өндіру, атом электр станцияларын салу және пайдалану).";

таксономияға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2024 жылғы 27 наурыздағы  
№ 232 қаулысына  
қосымша  
"Жасыл" облигациялар және  
"жасыл" кредиттер арқылы  
қаржыландыруға жататын  
"жасыл" жобалардың  
сыныптамасына  
(таксономиясына)  
қосымша

### **"Жасыл" облигациялар және "жасыл" кредиттер арқылы қаржыландыруға жататын "жасыл" жобалардың сыныптамасы (таксономия) жүйесі**

1-деңгей: Санат	2-деңгей: Сектор	3-деңгей: Кіші сектор	ЭҚЖС коды*	Мысалдар	Шек
1	2	3	4	5	6
	1.1 Жел	1.1.1 Энергетикалық объектілер	35.11.4	ж е л генераторлары, жел сорғылары, ж е л турбиналары	шектеу жоқ
				орталықтандырылған және орталықтандырылмаған күн	

1.2 Күн	1.2.1 Электр энергиясын өндіру объектілері (PV & CSP)	35.11.5	электр станциялары, оның ішінде шоғырландырылған күн электр станциялары (CSP), күн фотоэлектрлік (PV) энергиясы, орталықтандырылмаған күн фотоэлектрлік станциясы	шектеу жоқ
	1.2.2 Бөлінген шағын күн жүйелері	35.11.5	үйге арналған шағын портативті күн жүйелері, шағын желілер және шағын үй шаруашылықтарына қуаттауға арналған автономды жүйелердің басқа типтері	шектеу жоқ
	1.2.3 Күн жылу қондырғылары	35.11.5, 35.30	күннің жылу энергиясын қолдануға және өндіруге арналған құралдар, оның ішінде суды күннің қыздыруымен жылыту және барлық басқа секторларда күн энергиясын жылыту мақсатында қолдану	шектеу жоқ
1.3 Геотермальды	1.3.1 Электр энергиясы мен жылу өндіру объектілері	28.92.1, 35.11.9	электр энергиясын өндіруге және барлық секторларда геотермальды энергияны жылыту мақсатында қолдануға арналған жабдық;	электр жылу сорғыларын пайдаланған жағдайда салқындатқыш агенттің жаһандық жылыну әлеуеті

			үй-жайларды жылытуға және орталықтандыр ылған жылумен жабдықтауға арналған геотермальды жылу сорғылары	700 мәнінен аспайды, басқа жағдайларда – шектеу жоқ
1.4 Гидро	1.4.1 Шағын гидроэлектр станциялары (10 МВт дейін)	35.11.2	жиынтық қуаты он мегаватқа дейінгі (қоса алғанда) бір су торабында орналасқан қондырғылары бар гидроэлектр станциялары	шектеу жоқ
	1.4.2 Орташа гидроэлектр станциялары (100 МВт дейін)	35.11.2	жалпы белгіленген қуаты 10-нан 100 мегаватқа (МВт) дейінгі гидроэлектр станциялары, сорғысы бар гидроэлектр станциясы	меншікті қуат (объектінің номиналды қуатының су қоймасы бетінің ауданына қатынасы) > 10 Вт/м <sup>2</sup> немесе өмірлік цикл ішіндегі CO <sub>2</sub> шығарындылары 100 g CO <sub>2</sub> e / кВт сағ аспайды. Сондай-ақ жобаны іске асыруға жол берілетіндігі туралы экологиялық сараптаманың қорытындысы не міндетті түрде қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) жүргізудің қажеті жоқ екені туралы көзделген қызметтің әсерлері скринингінің қорытындысы не жобаны іске асыруға болатыны туралы ҚОӘБ

				қорытындысы талап етіледі
1.5 Басқалары	1.5.1 Жылу энергиясын өндіретін басқа да объектілер	35.11.9, 35.30	топырақ, су және ауа температурасының градиенттерін қолданатын жылу сорғылары	электр жылу сорғылары пайдаланылған жағдайда салқындатқыш агенттің жаһандық жылыну әлеуеті 700 мәнінен аспайды, басқа жағдайларда – шектеу жоқ
	1.6.1 Биоэнергетикалық өнімдер объектілері	38.21.0, 72.11.0, 35.30	отын дайындауға арналған қондырғыларды, алдын ала өңдеуге арналған қондырғыларды және биоөңдеуге арналған қондырғыларды, газ тәрізді, сұйық және қатты (орман) биоотын өндіруге арналған қондырғыларды қоса алғанда, биоотын, биомасса, биогаз және басқа да биоэнергетикал	1) өмірлік цикл ішінде парниктік газдар шығарындылары көмірдің базалық деңгейінен (яғни, көмірмен жұмыс істейтін электр генерациясы шығарындыларының немесе қазбалы отынның халықаралық деңгейде танылған компаратор (салыстырмалы бенчмарк) деңгейінен 70 % төмен; 2) биомасса экологиялық орнықты жолмен түзілген шикізаттан алынуға тиіс (сүрек тек сүрек қалдықтарынан тұрады; биоәртүрлілік деңгейі жоғары және (немесе) көміртегі қоры жоғары, топырақ сапасына және көміртегі

<p>1 . Жаңартылатын энергия</p>	<p>1.6 Биоэнергия</p>			<p>ық өнімдерді өндіруге арналған қондырғылар (анаэробты ашытуға арналған қондырғыларды қоса алғанда). Сарқынды суларды тазартқаннан кейін тұнбаларды өңдеуге арналған жабдық</p>	<p>қорларына әсер бағаланған, қалдықтардың (ең төменгі үлесі жоғары (50 %-дан астам) және т.б.) жерлер есебінен алынған шикізат болмайды; 3) қондырғылар үшін – ірі отын жағатын ірі қондырғыларға арналған ЕҚТ (BREF**) анықтамалығының талаптарына сәйкестік, қалдықтарды басқару, материалдарды пайдалану, SO<sub>2</sub>, NO<sub>x</sub> және CO шығарындылары бойынша шектерді орындау бөлігінде қатты биомассаның және (немесе) шымтезектің жануына қолданылады</p> <p>1) өмірлік цикл ішінде парниктік газдар шығарындылары көмірдің базалық деңгейінен (яғни, көмірмен жұмыс істейтін электр генерациясы шығарындыларының немесе қазбалы отынның халықаралық деңгейде танылған компаратор (салыстырмалы</p>
---	-----------------------	--	--	---	---

				<p>бенчмарк) деңгейінен 70 % төмен; 2) биомасса экологиялық орнықты жолмен түзілген шикізаттан алынуға тиіс ( сүрек тек сүрек қалдықтарынан тұрады; биоәртүрлілік деңгейі жоғары және (немесе) көміртегі қоры жоғары, топырақ сапасына және көміртегі қорларына әсер бағаланған, қалдықтардың ең төменгі үлесі жоғары (50 %- дан астам) және т.б.) жерлер есебінен алынған шикізат болмайды; 3) қондырғылар үшін – ірі отын жағатын ірі қондырғыларға арналған ЕҚТ ( BREF**) анықтамалығын ың талаптарына сәйкестік, қалдықтарды басқару, материалдарды пайдалану, SO<sub>2</sub>, NO<sub>x</sub> және CO шығарындылар ы бойынша шектерді орындау бөлігінде қатты биомассаның және (немесе) шымтезектің жануына қолданылады</p>
	1.6.2 Жылу және электр энергиясы өндірісі	38.21.0, 35.30	<p>жылу және электр өндірісі объектілері; жылыту жүйелері; биомассамен, биогазбен жұмыс істейтін электр станциялары; биомассамен жұмыс істейтін жылу электр орталықтары; биомассаға арналған жақсартылған пештер; а у ы л шаруашылығы және орман қалдықтарын, сондай-ақ ауыл шаруашылығы дақылдарының қалдықтарын электрлендіру үшін пайдалану</p>	

		<p>1.7.1 Жаңартылатын энергия көздеріне арналған жабдықтар өндірісі</p>	<p>28.11.2, 28.12.0, 28.13.1, 28.13.2, 28.14.0, 25, 27</p>	<p>жел, су және геотермальды турбиналарды, фотоэлектрлік элементтер мен компоненттерді, күн коллекторларын (тәрелкелер немесе табақтар деп аталатын), науалар мен компоненттерді, геотермальды сорғыларды өндіру немесе құрастыру жөніндегі зауыттар. Жаңартылатын энергияны былайша қолдануға арналған өнімдер, негізгі компоненттер, жабдықтар мен автоматтандырылған техника өндірісі: геотермальды энергия, күн гидроэнергиясы, шоғырландырылған энергия (CSP), күннің фотоэлектрлік энергиясы (PV), жел энергиясы, "жасыл" сутегі</p>	<p>шектеу жоқ</p>
	<p>1.7 Жаңартылатын энергия</p>			<p>жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды масштабтауға арналған жаңа, кеңейтілген және жақсартылған тарату жүйелері (желілер, қосалқы станциялар),</p>	



көздеріне арналған жеткізілімдер тізбегі және қосалқы инфрақұрылым				сақтау жүйелері (аккумуляторлық, механикалық, гидроаккумуляциялық) және жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (зияткерлік желі және шағын желі); бөлінген электр беру желілері; ірі және ұсақ сақтау орындары; зияткерлік электр желілері; жылу және электр есептегіштері мен датчиктері; инверторлар/ контроллерлер; трансформаторлар; кернеу реттегіштері; тарату құрылғылары; экологиялық таза технологияларды тасымалдауға арналған жолдар; "жасыл" сутекті сақтау жүйелері	шектеу жоқ
	1.7.3 Жаңартылатын энергияны сақтау жүйелері		27.20.0, 27.90.9	аккумуляторлар, конденсаторлар, сығылған ауаны сақтау орны және маховиктер; энергияны ірі ауқымда сақтау, сондай-ақ жоғарыда аталғандарға арналған	шектеу жоқ
	1.7.2 Электр беру желілері және жаңартылатын энергия жүйелеріне арналған қолдаушы инфрақұрылым		26.11.0, 27.11.0, 27.12.0, 27.20.0, 33.14.1, 35.13.0, 42.22.0		шектеу жоқ

				өндірістік қуаттар	
1.8 Сутегі өндірісі	1.8.1 "Жасыл" сутегі өндірісі	20.11.0, 25, 27, 28		жаңартылатын энергияны ("жасыл" сутегін) пайдалана отырып, сутегін өндіру жөніндегі қондырғылар	өмірлік цикл ішінде сутегі өндірісі кезінде C O 2 эквивалентінің ең аз тікелей шығарындылары сутегі тоннасына 3 тонна CO2e құрайды
				анағұрлым тиімді жабдықты орнату, процестер мен басқаруды өзгерту, жылу шығынын азайту және (немесе) қалдық жылу мен қысымды пайдалану есебінен өнеркәсіпте энергия тиімділігін арттыру; парниктік газдар шығарындыларын азайтатын және (немесе) ОЭР тұтынуды оңтайландыруды қамтамасыз ететін машиналарды, жабдықтарды, құрылғыларды орнату; энергетикалық аудит қорытындысына негізделген энергия тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар; энергиялық тиімді	энергия тұтынуды 10 %-ға және (немесе) парниктік газдар және (немесе) ОЭР тұтынуды оңтайландыруды қамтамасыз ететін шығарындыларды базалық деңгеймен салыстырғанда 20 %-ға азайту (жобаны іске асырғанға дейін), көмірді отын ретінде пайдаланатын қондырғылар қосылмайды. Технологиялық процестерден шығатын жылу мен газдарды
	2.1.1 Парниктік газдар шығарындыларын азайтатын				

	<p>2.1 Жұмыс істеп тұрған және салынып жатқан өнеркәсіп объектілерінде және агроөнеркәсіптік секторда энергия тиімділігін арттыру</p>	<p>және (немесе) ОЭР тұтынуды оңтайландыруды қамтамасыз ететін технологиялық процестердің өзгеруін қоса алғанда, энергиялық тиімді жабдықтар мен технологияларды жетілдіру</p>	<p>16, 17, 22, 23, 25, 27, 28, 33, 35, 43.22.0, 46.61-46.64, 46.66, 46.69, 71, 77.39, 95.21, 95.22</p>	<p>қозғалтқыштар, компрессорларға, сорғыларға және желдету жүйелеріне арналған реттелетін жиілікті жетектер (VFD drivers). Энергия тиімділігі жоғары қазандықтар. Өнеркәсіпте және коммуналдық жүйелерде шығатын жылу мен газдарды кәдеге жарату технологиясы процестері (кәдеге жарату қазандығы және т.б.). Ауыл шаруашылығы секторында энергиялық тиімді машиналар мен жабдықтарды орнату. Ықтимал жарамды жабдықтар тізімін ЕРДБ "Жасыл" экономиканы қаржыландыру тетігі (GEFF) аясындағы "жасыл" технологиялар селекторы онлайн-платформасында да табуға болады <a href="https://techselector.com/kazakhstan-en/">https://techselector.com/kazakhstan-en/</a></p>	<p>кәдеге жаратуға қатысты сорғылар мен жабдықтардың (кәдеге жарату қазандығы және т.б.) энергия тиімділігінің сыныбы ең жоғары, сондай-ақ ЕҚТ сәйкес келеді, бұл ретте көмір негізіндегі генерациядан газдар мен жылуды кәдеге жаратуға болмайды, ал табиғи газдағы генерация жағдайында 8-санатта 8.1.1 "Газ тәріздес қазбалы отын электр және жылу энергиясын өндіру, газ, отынды ауыстыру" кіші секторы бойынша белгіленген өлшемшарттар сақталады</p> <p>базалық деңгеймен</p>
				<p>жылытуға қосымша электр қуатын</p>	

2. Энергия тиімділігі	2.1.2 Жылу электр орталығының жабдықтарын орнату/ когенерациялық немесе тригенерациялық қондырғылар	35.11.1, 35.30.5	өндіретін когенерациялық және аралас циклді қондырғыларды орнату және пайдалану; жылу электр орталықтары; аралас циклді электр станциялары	салыстырғанда энергияны тұтынуды 10 %-ға азайту және (немесе) парниктік газдар шығарындыларын 20 %-ға азайту (жобаны іске асырғанға дейін)
	2.1.3 Энергияны өндіру, беру және тарату жүйелеріндегі энергия тиімділігі	27.11.0, 35.12, 42.22	желінің тұрақтылығын/ сенімділігін арттыруды қосалғанда, энергия тұтынуды және (немесе) техникалық шығындарды азайту үшін электр беру желілерін жаңғырту немесе жаңа қосалқы станциялар және (немесе) тарату жүйелерін салу; ақылды желілер; жоғары вольтты желілер	электр энергиясының шығындарын базалық деңгеймен салыстырғанда 10 %-ға азайту (жобаны іске асырғанға дейін)
	2.1.4. Орталықтан жылыту	25.21.0, 33.11.2	шағын (бөлінген) генерация станцияларын немесе басқа технологияларды пайдаланатырып, орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелерін жаңғырту. Шағын (бөлінген) генерация станциясы	базалық деңгеймен салыстырғанда энергия тұтынуды кемінде 20 %-ға азайту (жобаны іске асырғанға дейін)
			неғұрлым тиімді жарықтандыруды немесе жабдықтарды	

		2.2.1 Энергия үнемдейтін жарықтандыру немесе жабдықтар	43.21.9	орнату арқылы коммуналдық және мемлекеттік қызметтер көрсетуде энергия тиімділігін арттыру; көшені жарықдиодты жарықтандыру жүйесі, коммерциялық, сауда, көтерме сауда, кеңсе ғимараттары мен басқа да өнеркәсіптік емес объектілерді жарықтандыруды жақсарту	энергия шығындарының 20 %-ға азаюы
2.2 Бюджеттік және коммуналдық секторда энергия тиімділігін арттыру		2.2.2 Энергиялық тиімді өнімдер (түпкі пайдаланушы)	25.21, 25.29, 27.51, 27.90, 28.13, 28.14, 33.20, 46.43, 46.61, 46.62, 46.63, 46.64, 46.69, 47.54, 77.31, 77.32, 77.33, 77.34, 77.35, 77.39	энергиялық тиімді машиналар мен жабдықтарды қоса алғанда, энергиялық тиімді өнімді өндіру немесе сатып алу және пайдалану; энергияны үнемдейтін тоңазытқыштар, кондиционерлер, кір жуғыш машиналар, жылытқыштар және басқа электр энергиясын тұтынатын құрылғылар (өнім таңбалауының жоғары сыныбына сәйкес). Ықтимал жарамды жабдықтар тізімін ЕРДБ "	өнім түрі үшін, оның ішінде ұлттық немесе мемлекетаралық стандарттарға сәйкес энергетикалық таңбалауға, сондай-ақ (Energy Star тұтыну тауарларының энергия тиімділігін халықаралық рейтингтік бағалауға сәйкес

		ЭҚЖС кодтары қолданылмайды)	Ж а с ы л " экономиканы қаржыландыру тетігі (GEFF) аясындағы " ж а с ы л " технологиялар селекторы онлайн-платформасынан табуға болады <a href="https://techselector.com/kazakhstan-en/">https://techselector.com/kazakhstan-en/</a>	энергия тиімділігінің ең жоғары сыныбы
	2.2.3 Энергия үнемдеу жөніндегі көрсетілетін қызметтер	33.12, 33.14, 33.15, 33.16, 33.17, 33.19, 33.20, 35.12, 35.13, 35.30	энергия аудитін, энергиялық сервистік қызметтер көрсетуді, келісімшарт бойынша энергия тұтынуды басқаруды (энергия менеджменті) қоса алғанда, энергияны түпкі тұтынушыларға, оның ішінде өнеркәсіптік объектілерге, ғимараттар мен к ө л і к жүйелеріне арналған энергия үнемдеу жөніндегі көрсетілетін қызметтер	"Энергетикалық менеджмент жүйелері. (Пайдалану жөніндегі талаптар және нұсқаулық" ҚР СТ ISO 50001 немесе халықаралық деңгейде танылған ұқсас стандарттарға сәйкес
	2.3.1 Ғимараттарды энергиялық тиімді салу	16.23, 23.11, 23.20, 23.31, 23.32, 23.43, 23.61, 25.11, 25.12, 25.21, 25.29, 25.93, 27.31, 27.32, 27.33, 27.40, 27.51, 28.11, 28.12, 28.13, 28.14, 33.20.0, 41.10.0, 41.20.1, 41.20.2, 41.20.3, 41.20.4, 43.22, 43.29.8, 43.32,	энергетика: ғимараттарда энергия тұтынуды азайтатын энергиялық тиімді сәулет жобаларын, аспаптар мен жабдықтарды, сондай-ақ	

		46.43, 46.74, 47.54,	құрылыс технологиялары н пайдалану	"жасыл" құрылыс саласындағы мынадай рейтингтік бағалаудың болуы: LEED, EDGE, BREEAM, DGNB, OMIR және (немесе) энергия тиімділігі таңбалауы ( энергия тиімділігінің сыныбы жоғары )
2.3 Энергиялық тиімді ғимараттар, құрылыстар мен құрылысжайлар	2.3.2 Қолданыстағы коммерциялық, қоғамдық, тұрғын және өнеркәсіптік ғимараттарда тиімділікті арттыру	16.23, 23.11, 23.20, 23.31, 23.32, 23.43, 23.61, 25.11, 25.12, 25.21, 25.29, 25.93, 27.31, 27.32, 27.33, 27.40, 27.51, 28.11, 28.12, 28.13, 28.14, 33.20.0, 36.00.0, 37.00, 41.10.0, 41.20.1, 41.20.2, 41.20.3, 41.20, 42.21, 42.91, 42.99, 43.22, 43.29.8, 43.32	энергетика: жарықтандыру, аспаптар мен жабдықтар, жылыту/салқындату жүйелері, энергия тұтынуды азайтуға мүмкіндік беретін сәулеттік өзгерістер немесе құрылыстағы өзгерістер. с у : суқұбыржолы арматурасы, жаңбыр суын рециркуляциялау/жинау жүйелері, су тұтынуды азайтуға мүмкіндік беретін ғимараттар құрылысындағы өзгерістер	
			энергетика: тиімділігі жоғары сәулет жобаларын, энергия тиімді аспаптар мен жабдықтарды, сондай-ақ қолданыстағы стандарттардан асып, энергия тиімділігінің жоғары сертификаттары на немесе рейтингтеріне сәйкес келе отырып, ғимараттың энергия	

	3.1 "Жасыл" ғимараттар	3.1.1 Жаңа "жасыл" ғимараттар (коммерциялық, қоғамдық, өнеркәсіптік және тұрғын) салу	16.23, 23.11, 23.20, 23.31, 23.32, 23.43, 23.61, 25.11, 25.12, 25.21, 25.29, 25.93, 27.31, 27.32, 27.33, 27.40, 27.51, 28.11, 28.12, 28.13, 28.14, 33.20.0, 36.00.0, 41.10.0, 41.20, 42.21, 42.91, 42.99, 43.22, 43.29.8, 43.31, 43.32, 43.34, 43.39, 43.91, 43.99	тұтынуын төмендететін құрылыс әдістерін пайдалану. су: су үнемдеу құрылғылары мен жабдықтарын, сондай-ақ қолданыстағы стандарттардан асып, суды үнемдеу сертификаттары мен рейтингтеріне сәйкес келе отырып, ғимараттарда су тұтынуды төмендететін құрылыс әдістерін пайдалану. материалдар: болат немесе цемент өндірісі үшін көп энергияны қажет ететін компоненттердің немесе қайта пайдаланылатын /қайта өңделген материалдарды пайдаланатын компоненттердің санын азайтатын құрылыс материалын пайдалану	"жасыл" құрылыс саласындағы мынадай рейтингтік бағалаудың болуы: US Energy Star сияқты LEED, EDGE, BREEAM, DGNB, OMIR энергетикалық рейтинг белгілері және Еуропалық Одақта қолданылатын Energy Performance Certifications сияқты энергетикалық таңбалау схемаларына сәйкестік
					мыналардың болуы (опциялық): 1) "жасыл" құрылыс саласындағы рейтингтік бағалау: LEED, EDGE, BREEAM, DGNB, OMIR;



<p>3. "Жасыл" ғимараттар</p>	<p>3.2 Ілеспе жүйелер және құрылыс материалдары</p>	<p>3.2.1 Жүйелерді, "жасыл" құрылыс материалдары мен өнімдерін өндіру және қолдану</p>	<p>23.14.0, 23.31.0, 23.32.0, 23.65.0, 23.99.2, 23.99.3, 26.51, 27.11, 27.12, 27.31, 27.32, 27.33, 27.40, 27.51, 27.90, 28.11, 28.12, 28.13, 28.14, 33.20.0, 36.00, 37.00, 41.10.0, 41.20.1, 41.20.2, 41.20.3, 41.20.4, 42.21, 42.91, 42.99, 43.22, 43.29, 43.31, 43.32.0, 43.34, 43.39, 43.91, 43.99</p>	<p>тиімді және төмен көміртекті құрылыс жүйелері (жарықтандыру, жылыту, ауаны баптау, лифтілер, эскалаторлар, есептегіштер, жерүсті жылу сорғылары және т.б.) және энергияны аз тұтынатын немесе көміртек ізі төмен материалдар; органикалық мақтадан жасалған оқшаулағыш материалдар, қайталама шикізат пен қалдықтардан өндірілген материалдар</p>	<p>2) энергия тиімділігін таңбалау (энергия тиімділігінің сыныбы жоғары); 3) US Energy Star сияқты энергетикалық рейтинг белгілері немесе Еуропалық Одақта пайдаланылатын Energy Performance Certifications сияқты энергетикалық таңбалау схемаларына сәйкестігі немесе ғимараттардың энергия тиімділігі саласындағы стандарттары сериясы бойынша сертификаттау ИСО (ISO 52003, 52010, 52016, 52018); 4) concrete Sustainability Council (CSC) Certification сияқты жекелеген құрылыс материалдарын (цемент, бетон, керамика, болат және т.б.) сертификаттау схемалары бойынша сертификаттау немесе өнімнің теріс экологиялық ізінің төмен</p>
------------------------------	---	--	---	--	--

				деңгейін көрсететін ИСО 14025 стандартына сәйкес дайындалған өнімнің верификацияланған экологиялық декларациясының (EPD) болуы
	3.3.1. "Жасыл" инфрақұрылым	42.11.1, 42.99, 43.21, 52.21, 81.30.0	көп мақсатты "жасыл" аймақтар (суды ұстап қалу, қалқалау, демалу, биоәртүрлілік дәліздері, жаяу жүргіншілер мен велосипед жолдарына арналған жұмсақ төсем); су тасқынынан қорғау (артық кернеуден қорғау қоршаулары, сорғы станциялары, бөгеттер, қақпалар); еріген және жаңбыр суын жинауға арналған құрылыстар; көшені жарықтандыру; ғимараттар жанындағы қалдықтарды жинау және сұрыптау учаскелерін абаттандыру	"жасыл" құрылыс саласындағы мынадай рейтингтік бағалаудың болуы: LEED, EDGE, BREEAM, DGNB, OMIR және (немесе) энергия тиімділігі таңбалауы (энергия тиімділігінің сыныбы жоғары)
			жаңа энергиялық тиімді және "жасыл" үйлер салу;	суды тұтынуды 15 %-дан төмен емес қысқарту;

3.3 "Жасыл" инфрақұрылым			35.11.5, 35.22.0, 36.00.0, 37.00, 38.11.0, 38.21.0, 38.32.3, 41.20.1, 43.21.1, 43.21.9, 43.22.0, 43.29.1, 43.29.8, 43.31.0, 43.32.0, 43.33.0, 43.34.0, 43.91.0, 43.99.9	қазіргі үйлерді жаңғырту; санитариялық жағдайларын жақсарту (тұндырғыш, қалдықтарды кәдеге жарату); электр қуатын жеткізу; отынның балама түрлерін қолдану; жылу сорғыларын пайдалану немесе орталықтандырылған жылытуға қосу; энергияны сақтау, жаңбыр суын жинау; сұр және қара суды өңдеу	ЖЭК пайдалану; энергияны тұтынуды кемінде 15 % азайту; энергия тиімділігі саласындағы (энергия тиімділігінің сыныбы жоғары) (егер қолданылса); немесе "жасыл" құрылыс саласындағы мынадай рейтингтік бағалаудың болуы: LEED, EDGE, BREEAM, DGNB, OMIR
		3.3.3 Жеке үйлерге, туристік лагерьлерге және шағын бизнеске арналған дербес дәретханалар мен экосанитариялық дәретханалар	37.00, 39.00	топырақтың ластануын азайтуға көмектесетін дербес және экосанитариялық дәретханаларды орнату. Биодәретханалар, контейнерлік дәретханалар, құрғақ дәретханалар, тұндырғы жүйелері, несепті ағызатын құрғақ дәретхана	экожүйелерге зиян келтірмей қалдықтарды 100 % кәдеге жарату, суды қайта пайдалану
				ауаны өнеркәсіптік ластанудан және қалалық атмосфералық ауаның ластануынан, пайдаланылған газдарды	атмосфераға шығарындылар ЕҚТ (BREF**) анықтамалықтарында белгіленген ЕҚТ

4.1 Ауа сапасы	4.1.1 Ауаны өнеркәсіптік ластанудан және қалалық атмосфералық ауаның ластануынан тазарту, рециркуляциялауға арналған жабдық	28.11.2, 28.13.1, 28.13, 28.25, 33.12.2, 35.30, 43.22, 43.29.8	тазарту құрылыстары; өнеркәсіптік ағындарды қысқартуға арналған жабдық; ауаны рециркуляциялауға арналған жабдық; күкірттен арылту және нитриттен арылту, сүзгі-пакеттерді, пайдаланылған газдардың жанарғыларын пайдалану	(BAT-AELs немесе шектік мәндер) байланысты шығарындылар деңгейінің диапазондары шегінде, оның ішінде Өнеркәсіптік шығарындылар туралы директива шеңберінде (өнеркәсіптік ластануларға) қолданылады
	4.1.2 Үй шаруашылықтары мен шағын және орта бизнес үшін таза жылыту аспаптарын өндіру және орнату	25.21, 25.30, 27.52.0, 28.21.1, 43.22, 46.74, 43.33.0	ауаның ластануын төмендетуге арналған таза жылыту аспаптарын өндіру, сатып алу және орнату; электрлік радиатор (ауа жылытқыш), электр картриджді жылытқыш, түнгі жылытқыш, жылытқышы бар электрлік еден, жылытқыш қабырғалар	парниктік газдар шығарындыларының базалық деңгеймен салыстырғанда 20 %-ға азаюы (жобаны іске асырғанға дейін)
			көміртекті тұтып қалуға	қалдықтарды басқару және материалдарды пайдалану бөлігінде "Көміртегі газын өртеуден кейін тұтып қалу" ECT (Post-combustion carbon dioxide capture: best available

4. Ластанудың алдын алу және оны бақылау	4.1.3 Көміртекті тұтып қалу және сақтау	35.11, 35.30, 39.00.0	және сақтауға арналған аспаптар мен өнімдер	techniques) анықтамалығының немесе ластануды кешенді болғызбау және бақылау шеңберінде сақтау кезінде эмиссиялар бойынша ЕҚТ ( B R E F ) анықтамалығының талаптарына сәйкестігі
4.2 Топырақ	4.2.1 Топырақтың ластануын азайту; оны қалпына келтіруге арналған жабдықтар мен инфрақұрылым	01.11.1-01.30.0, 28.30.4, 39.00.0, 42.99, 43.12.3	ластанған және тозған топырақты қалпына келтіру технологиялары мен өнімдерін пайдаланатын жабдықтар мен инфрақұрылым, топырақтың құнарлылығын жақсарту; орнықты егіншілік, егіншіліктің органикалық жүйелерін қоса алғанда, егіншіліктің орнықты жүйелеріне көшу; топырақты қорғаудың фитомелиоративтік және механикалық әдістерін қолдану; топырақты өңдеуде нөлдік және қорғаушы технологияларды қолдану; жергілікті жағдайларға бейімделген	шектеу жоқ

				дақылдар мен сұрыштарды өңдеу; техногендік және антропогендік ластанулардан тазарту;	
5.1 Суды орнықты пайдалану және суды үнемдеу		5.1.1 Су үнемдеу, сақтау және бөлу технологиялары мен жүйелерін өндіру, сатып алу және орнату	01.61.2, 36.00.0, 42.21.2, 42.91	суды үнемдейтін, сақтайтын және тарататын жүйелер мен технологияларды өндіру, сатып алу және орнату; ауыз суды тазартуға арналған технологиялар мен жабдықтар; еріген қардың суын немесе тасыған суды жинайтын, сондай-ақ өзендегі судың деңгейін реттейтін жерасты суларының резервуарлары; шахтадағы және карьердегі суларды өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, рекреациялық немесе басқа мақсаттарға пайдалану; өнеркәсіптік суды үнемдеу технологиялары мен өлшеу жабдығы; ауыл шаруашылығында су үнемдеу; суару; жаңбыр суын жинау жүйелері;	таза (табиғи) суды тұрмыстық мұқтаждыққа пайдалануды 40 %-дан, суаруды 30 %-дан және өндірістік және техникалық қажеттіліктерге

		жерасты суларын қоректендіру жүйелері; каналдар мен тарату жүйелері; нөсерлі ағындарды басқару, су айналымы жүйелері	70 %-дан төмен емес азайту
5.1.2 Құрғақшылықтың, су тасқынының және селдің алдын алу және олардың салдарын жою	26.51.7, 36.00, 42.21, 84.25, 42.11.1-42.99.0	қуаңшылықпен күресуге арналған ирригациялық жүйелерді құрастыру; су апаттарының алдын алу және оларға ден қою үшін су жүйелеріне, су қорғау құрылыстарына және басқа да объектілерге қосуды салу және пайдалану. Көлік және энергетикалық инфрақұрылымдарда айдауға қарсы тосқауылдарды, сорғы станцияларын, бөгеттерді, қақпаларды, жағалау эрозиясының инфрақұрылымына бөгеттерді, нөсер кәріздерін, селге қарсы жүйелерді, дренаждық жүйелерді салу; дауыл, құрғақшылық, су тасқыны немесе бөгеттердің бұзылуын мониторингтеу,	шектеу жоқ

		олар туралы ерте хабарлауға арналған автоматтандырылған және SMART-жүйелері; судың сапасын немесе мөлшерін мониторингтеу және өлшеу процестері; с у д ы мониторингтеуге арналған зияткерлік желілер	
5.1.3 Су дайындау құрылысжайлары (қондырғылары)	36.00, 42.91, 43.22	су пайдалануға арналған жабдық немесе инфрақұрылым; су тазарту жүйелері; тұщыландыру қондырғылары	ауызсу: су таксономия шегіне сәйкестігіне бағалау жүргізу кезінде қолданылатын санитариялық талаптарға/ нормаларға сәйкес келуге тиіс; техникалық су: су жабдықтың паспортына сәйкес келуге тиіс
5.1.4 Кейіннен қайталама пайдалануға арналған сарқынды суларды тазарту қондырғылары	36.00, 37.00, 42.91, 43.22, 52.21.5	сарқынды суларды тазартуға арналған жабдықтар; сарқынды суларды тазарту зауыттары; шахта және карьер суларын тазарту, нөсер суын басқа сарқынды сулардан бөліп тұратын кәріздік /дренаждық желілер, тұрмыстық және	тазартылған суларды нысаналы пайдалану бойынша қайталама су



5. Суды, қалдықтарды орнықты пайдалану			өндірістік сарқынды суларды қайта пайдалану және рециркуляциялау жүйелері; тұйық циклді пайдалану	пайдалануға қолдану
	5.2.1 Коммуналдық қалдықтарды жинауға, сұрыптауға арналған жабдық	28.12.0, 28.22.2, 28.22.3, 28.22.5, 28.22.9, 38.11.0, 38.21	қайталама шикізатты қабылдау пункттерін қоса алғанда, коммуналдық қалдықтарды жинауға және сұрыптауға арналған жабдық	коммуналдық қалдықтар бөлек жиналуға және қайталама шикізат қайта өңдеуге жіберілуге тиіс
	5.2.2 Қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу, қайталама шикізатты қалпына келтіруге, қайта пайдалануға және қайта өңдеуге арналған жабдық	28.22.9, 33.12.2, 33.20.0, 38.21, 38.32.1, 38.32.2, 38.32.3,	коммуналдық қатты қалдықтармен жұмыс істеудің экологиялық инфрақұрылымын, ғимараттарды, құрылысжайлармен инфрақұрылымдық объектілерді салу және жөндеу кезінде пайда болатын қалдықтарды қайта өңдеуге және қайта қолдануға арналған инфрақұрылымды құру; қайталама шикізатты қалпына келтіруге (өртеуді қоспағанда), қайталама шикізатты қайта пайдалануға және қайта өңдеуге арналған	жиналған қайталама шикізаттың

5.2 Қалдықтар мен сарқынды сулар			жабдық, оның ішінде құрылыс материалдарын, металл сынықтарын, пластмассаны, шыныны, қағазды, электрониканы (қауіпті компоненттерді қоспағанда), пайдаланылған шиналарды қайта өңдеуге арналған жабдық және күл-қож калдықтары	кемінде 80 %-ын өңдеу
	5.2.3 Қауіпті қалдықтарды жағуға және қалдықтарды энергияны қалпына келтіруге арналған жабдықты қоспағанда, өнеркәсіптік және қауіпті қалдықтарды жинау, сұрыптау, қалпына келтіру, қайта пайдалану, өңдеу және кәдеге жарату объектілері	28.22.9, 28.95.0, 28.96.0, 33.20.0, 38.11, 38.12, 38.21, 38.22.0, 39.00	өнеркәсіптік және қауіпті қалдықтарды жинауға, сұрыптауға, қалпына келтіруге, қайта пайдалануға, өңдеуге және кәдеге жаратуға арналған жабдық	қалдықтарды өңдеу бойынша ЕҚТ (BREF) анықтамалығын а қалдықтарды және жанама өнімдерді, әсіресе қауіпті өнеркәсіптік қалдықтарды басқару бөлігінде сәйкестігі
	5.2.4 Көмуге тыйым салынған қалдықтарды өңдеу полигондары мен зауыттарын салу және жаңғырту	38.11, 38.21.0, 38.22.0, 38.31, 38.32, 39.00	полигондарды салу және жаңғырту; көмуге тыйым салынған қалдықтарды өңдеу зауыттарын салу	таксономия шегіне сәйкестігін бағалау жүргізу кезінде қолданыстағы белгіленген Қазақстан Республикасының талаптары мен нормаларына сәйкестігі (2030 жылға дейін)

				<p>алынған компост топырақты тыңайту үшін пайдаланылады; дайын компостта пластиктің, шынының және металдың болмауы; компосттың биотыңайтқыштарға арналған ұлттық стандарттарға сәйкестігі</p>
	5.2.5 Қалдықтарды компосттауға арналған жабдық пен техника	28.15.2, 28.22.3, 28.22.9, 38.21	биологиялық ыдырайтын қалдықтардан компост өндіру жөніндегі жабдық пен техника	
	5.2.6 Сарқынды суларды тазарту кондырғысы	37.00, 38, 39.00	сарқынды суларды жинау, сақтау, тазалау және жою желілері; сарқынды суларды тазарту зауыттары; шламды тазарту құрылысжайлары; ауызсуды тазартуға арналған жабдық; тұщыландыру кондырғылары; көң мен көң бөкпесіне арналған тазарту құрылысжайлары	атмосфераға және суға шығарындылар қалдықтарды анаэробты өңдеуге арналған ЕҚТ ( В R E F ) анықтамалығында (егер қолданылатын болса) белгіленген ЕҚТ байланысқан шығарындылар деңгейі диапозондарының (BAT-AELs немесе шектік мәндер) шегінде болады
5.3 Ресурстарды сақтау және қалпына келтіру	5.3.1 Шикізатты алмастыру	39.00.0	уытты шикізатты уытты емес шикізатпен алмастыру	шектеу жоқ
	5.3.2 Өнім өндіру үшін қайталама шикізатты пайдалану	38.11.0, 38.32.1, 38.32.2, 38.32.3	табиғи ресурстарды қайталама шикізатқа ауыстыру, қайталама шикізатты қолдана отырып өнім шығару	өнім құрамындағы қайталама шикізат кемінде 30 %

6.1.1  
Органикалық  
ауыл  
шаруашылығы  
өнімі (өсімдік  
шаруашылығы  
және мал  
шаруашылығы) (тоқыма өнімінен басқа)

01.1, 01.2, 01.4,  
01.6

таза өндіріс  
стандарттарына  
сәйкес келетін  
ауыл  
шаруашылығы,  
егіншілік және  
органикалық  
балық өнімдерін  
өндіру (объектілер салу  
мен  
пайдалануды  
қоса алғанда)

1) органикалық өнімдерге арналған тиісті халықаралық, мемлекетаралық немесе ұлттық стандарттар, сондай-ақ сатып алынған органикалық немесе "жасыл" өнімдерді таңбалау;  
2) пестицидтерді, тыңайтқыштарды, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын, тағамдық қоспаларды және жануарлар гигиенасына пайдалануға арналған экологиялық стандарттар мен сапа стандарттары;  
3) қалдықтарды басқару және суды пайдалану тиімділігі сияқты ауыл шаруашылығын жүргізудің тұрақты әдістері, оның ішінде жаңбыр суын пайдалана отырып, суды пайдалану тиімділігі;  
4) жеткізілімдер тізбегінің орнықты әдістері (мысалы, тамақ өнімдерінің жоғалуын болдырмау);

	6.1. Орнықты ауыл шаруашылығы			халықаралық, мемлекетаралық не танылған ұлттық сертификат алған органикалық өнімдер өндірісі	
	6.1.2 Климаттық тұрғыдан ақылды ауыл шаруашылығы (жайылымдар мен мал шаруашылығын орнықты басқару)	01.1, 01.2, 01.4, 01.6	гарту, ирригациялық және басқа да ауыл шаруашылығы немесе мал шаруашылығы процестерінде энергия мен суды пайдалануды қысқарту, сондай-ақ жер пайдалануды азайту, яғни экожүйенің тозуын азайту және сақтау үшін жайылымдық жерлерді ротациялық пайдалануды енгізу (тозған жайылымдарды консервациялау); жайылымдық жерлерді орнықты басқару және сапа (жоғары өнімділік) негізінде өндіруге/мал шаруашылығын басқаруға жәрдемдесу үшін мал шаруашылығы бойынша стандарттарды қолдану; топырақты тиімді өңдеу (құрғақшылықты	таза (табиғи) суды тұтынуды 30 %-дан төмендетпей азайту; суды қайталама пайдалану; ЖЭК пайдалану; энергия тұтынуды немесе парниктік газдар шығарындыларын кемінде 20 % - дан төмендетпей азайту; жерді пайдалануды азайтуды, тозған жайылымдарды консервациялауды, орнықты ауыл шаруашылығы және (немесе) мал шаруашылығы әдістерін енгізуді көздейтін жобаларға қолданылады, балама өлшемшарттар – экожүйелерге жүктемені арттырмай, өнімділіктің артуын тамақ және ауыл	

				<p>ң алдын алу), аквадақыл, өз табындарының көлемін азайтатын, мал шаруашылығының неғұрлым орнықты әдістерін қолданатын бақташылар/мал өсірушілер</p>	<p>шаруашылығы қалдықтарының азаюын не климаттың өзгеруіне бейімделудің артуын көрсету қолданылады</p>
<p>6. Орнықты ауыл шаруашылығы, жер пайдалану, орман шаруашылығы, биоәртүрлілікті сақтау және экологиялық туризм</p>		<p>6.2.1 Ағаш егу және орманды қалпына келтіру</p>	<p>02.10</p>	<p>орман дақылдарын отырғызу; орман плантацияларын құру, оның ішінде REDD+, V E R R A стандарттарына сәйкес келетін жобалар; елді мекендердің айналасында "жасыл" аймақтар құру</p>	<p>шектеу жоқ</p>
	<p>6.2 Ормандарды орнықты басқару және биоәртүрлілік пен экожүйелерді сақтау</p>	<p>6.2.2 Ормандарды орнықты басқару</p>	<p>02.10, 02.40, 71.12.4, 71.12.5</p>	<p>көміртегіні депонирлеу жөніндегі ормандар функциясын ұлғайтатын немесе орман экожүйелерін орнықты басқарудың тиісті практикалары, ақпараттық жүйелер мен технологиялар есебінен орман шаруашылығы</p>	<p>табиғатты қорғау құндылығы жоғары ормандарды басқаруға қатысты ерікті халықаралық сертификаттаудың болуы, мысалы, Орман қамқоршылық кеңесінің сертификаты (Forest Stewardship Council-FSC), Орман сертификаттау схемаларын мақұлдау бағдарламасы (Program for the Endorsement of Forest</p>

			қызметінің әсерін төмендететін жобалар	Certification schemes-PEFC) немесе орнықты орман басқарудың ұлттық стандарты бойынша ерікті сертификаттау; басқа жағдайларда – шектеу жоқ
	6.2.3 Биоәртүрлілік пен экожүйелерді сақтау	91.04.2, 93.19.0	тозған экожүйелерді қорғау және (немесе) қалпына келтіру арқылы биосфераны сақтау жөніндегі жобалар; жабайы жануарлардың нақты тіршілік ету ортасы, сулы-батпақты алқаптар, шымтезек батпақтар, шөлдер сияқты экологиялық функционалды аймақтарды салу және қолдау	шектеу жоқ
	6.3.1 Экотуризмнің дамуына ықпал ететін өнімдер мен көрсетілетін қызметтер	64.19, 64.20, 64.92, 64.99, 84.13, 85.10, 79.00, 55.00	экологиялық туризмді дамытуға бағытталған жағдайлар жасау, жергілікті халықты тарту (шағын кредиттер беру, субсидиялар бағдарламалары), экологиялық ағарту, экологиялық туризм үшін	Қазақстан Республикасының заңнамалық нормаларына (туристік қызмет бойынша), сондай-ақ ұлттық, халықаралық, мемлекетаралық экологиялық стандарттарға немесе шет мемлекеттің танылған экотанбалау стандарттарын қоса алғанда, туристік көрсетілетін

				инфрақұрылым құру	қызметтер мен экологиялық таза маршруттар саласындағы экотаңбалау стандарттарына сәйкес
6.3 Орнықты туризм					ұлттық, халықаралық, мемлекетаралық экологиялық стандартқа немесе қонақүйлерге, хостелдерге қойылатын орналастыру құралдары мен экологиялық талаптардың көрсетілетін қызметтері саласындағы экотаңбалау стандартына не қонақ үй секторы үшін шет мемлекеттің танылған стандарттарына сәйкес, мысалы: "Листок жизни", EU Eco-labelling, Nordic Swan және т.б.
		6.3.2 Қонақүй мен лагерьді орнықты басқару	55.10, 55.20, 55.30, 55.90	орнықты қонақүй бизнесінің ұлттық, халықаралық немесе мемлекетаралық стандарттарына сәйкес отельдер мен лагерьлер қызметін басқару	
		7.1.1 Төмен көміртекті автомобильдерді сатып алу, жалға алу	сатып алушы үшін кез келген ЭҚЖС коды (компанияның қызмет түрі кез келген болуы мүмкін) 77.1, 77.3	төмен көміртекті автомобильдерді, оның ішінде электромобильдерді, сутегі, гибридтік қозғалтқыштардағы көлік құралдарын сатып алу, жалға алу	тікелей шығарындылары < 50 грамм CO2e/км; қоқыс жинау және ауыл шаруашылығы техникасы үшін балама шек – Euro V немесе VI стандартына сәйкестікке жол беріледі
7.1 Төмен көмірсутекті көлік құралдары		7.1.2 Төмен көміртекті автомобильдерге, "моторсыз		көлік құралдарына және негізгі компоненттерге арналған	



	және шағын электр көлігіне" арналған жеткізілімдердің өндірістік тізбектері	27.20.0, 27.90, 29.10, 29.3, 30	мамандандырылған өндірістік қуаттар; тиісті көлік құралдарында пайдаланылатын батареялар	тікелей шығарындылары <50 грамм CO <sub>2</sub> e/км
7.2 Төмен көміртекті жүк тасымалдары	7.2.1 Төмен көміртекті жүк тасымалдары	30.20, 49.20, 49.3, 49.41, 50, 51, 77.12, 77.34, 77.35	электрлендірілген және электрлендірілмеген теміржол жүк тасымалдарына арналған жылжымалы құрам; баламалы отын көздерін	автомобиль тасымалы үшін тікелей шығарындылар 50 грамм CO <sub>2</sub> e/тонна*км немесе Euro V немесе VI стандартына сәйкестігі; теміржол тасымалы үшін тікелей шығарындылары 40 грамм CO <sub>2</sub> e/тонна*км; су көлігі үшін – кемеде CO <sub>2</sub> e тікелей шығарындылары нөлге тең не қазба отынның баламасымен салыстырғанда парниктік газдар шығарындыларын кем дегенде 80 %-ға төмендетуді қамтамасыз ететін отыннан немесе өзге де энергия тасымалдаушылардан энергияның 100 %-ын алады, бұл ретте кемелер қазба отындарды тасымалдауға арналмаған; әуе көлігі үшін – энергия көзінің нөлге тең тікелей CO <sub>2</sub> e шығарындылары бар (мысалы,

				<p>пайдаланатын әуе көлік құралдары; төмен көмірсутекті жүк автомобиль көлігі; төмен көміртекті су және өзен көліктері.</p>	<p>сүтегі немесе электр энергиясы) не SAF (экологиялық таза авиациялық отын) отын ретінде пайдаланылады, бұл CO<sub>2</sub>е шығарындыларын тонна/км немесе жолаушы км - ге айтарлықтай төмендетуді қамтамасыз етеді, бұл ретте SAF үшін шикізатты ИКАО Халықаралық авиация үшін көміртегі шығарындыларын өтеу немесе азайту (CORSIA) схемасы шеңберінде талаптарға сәйкес деп тануға тиіс және (немесе) ЕО-ның қалпына келтірілетін энергия көздері жөніндегі директивасы (EU RED) бойынша сертифицирталған</p>
7. Таза көлік				<p>қоғамдық автомобиль, теміржол, су және әуе көлігі және көлік инфрақұрылымы; жылдам автобустар тасымалдары жүйелері (BRT Systems);</p>	

		7.3.1 Қоғамдық көлік инфрақұрылымы	42.1, 49.10, 49.20, 49.31, 49.39, 72.19.1, 77.11, 77.21, 77.39	<p>қоғамдық көлікке арналған оқшауланған жолақ; соңғы пункттегі қоғамдық көлікке арналған тұрақтар; аялдама пункттері, көлік-отырғызу торабы; қоғамдық велосипед инфрақұрылымы; электр самокатты, мотодоңғалақтарды және басқарыла жана жеке мобильділік құралдарын пайдалануға арналған инфрақұрылым және қоғамдық велосипед инфрақұрылымы, оның ішінде осы инфрақұрылымды құруға байланысты моторсыз және шағын электр көлігі паркін сатып алу</p>	<p>қоғамдық көліктер үшін тікелей шығарындылар 50 грамм CO<sub>2e</sub>/ жолаушы – км; велосипед инфрақұрылымы және жеке мобильділік құралдарын пайдалануға арналған инфрақұрылым үшін шектеулер жоқ; су және әуе көліктері үшін (7.2.1) төмен көміртекті жүк тасымалдары бойынша кіші секторға арналған шекті өлшемшарттардың мөндерін қараңыз</p>
7.3 Таза көлік инфрақұрылымы		7.3.2 Төмен көміртекті көлік		<p>зарядтау станциялары мен балама отынға арналған арнаулы инфрақұрылым (баламалы отынның зарядтау станциялары жанармай құю станциялары мен қазбалы отын гараждарынан бөлек</p>	

	инфрақұрылым	42, 52.21, 45.20.2, 45.20.3	орналасқан жағдайда); экоотын станциясы, электромобильдерге, троллейбустарға, трамвайларға, электр автобустарына және тиісті инфрақұрылымға арналған зарядтау станциясы	шектеу жоқ
	7.3.3 Төмен көміртекті көлікті жоспарлау	42, 49.3, 52	жеңіл автомобильдерді пайдалануды қысқартуға алып келетін көлік және қала құрылысын жоспарлауды интеграциялау; тығыз құрылыс салу; жерді бірнеше мәрте пайдалану; ; жаяу қоғамға көшу; транзиттік қатынас; ақылды жүк тасымалдау жүйелері	шектеу жоқ
7.4 Таза көліктік АКТ	7.4.1 Көлік түріне қарамастан активтерді пайдалануды, ағындарды және	61, 62, 63.1	қоғамдық көлік туралы ақпарат, жол ағынын реттеу жүйесі және ақылды бағдаршам; геопозицияны анықтау датчигі бар GPS навигаторы; орталық диспетчерлік басқару;	"Ақпараттық технологиялар. Деректерді өңдеу орталықтары. Тиімділіктің түйінді көрсеткіштері" ҚР СТ ISO/IEC 30134, "Экологиялық менеджмент жүйелері. Пайдалану жөніндегі талаптар және нұсқаулық" ҚР

		<p>модальды жетілдіруді жақсартатын АКТ</p>		<p>жол ақысын төлеудің электронды жүйесі, автомобильдерді бірлесіп пайдалану схемалары, смарт-карталар, жолда зарядтау жүйелері және т. б.</p>	<p>СТ ISO 14001, "Энергетикалық менеджмент жүйелері. Пайдалану жөніндегі талаптар және нұсқаулық" ҚР СТ ISO 50001 стандарттары серияларына сәйкестік сертификатының болуы</p>
		<p>8.1.1 Газ тәріздес қазба отыннан электр және жылу энергиясын өндіру, отынды алмастыру</p>	<p>35.11.9, 35.21.0, 35.30.2, 42.22</p>	<p>газ тәріздес қазба отынмен жұмыс істейтін электр энергиясын өндіру кезінде алынған пайдаланылған жылуды кәдеге жарату; табиғи газды (табиғи газбен жұмыс істейтін электр станциясы, табиғи газбен жұмыс істейтін тарату станциясы, ЖЭО, табиғи газбен жұмыс істейтін пештер), көмір қабатының метанын (СВМ), көмір шахтасының метанын (СММ), тақтатас газын, сұйытылған газды (LPG), сұйылтылған табиғи газды (LNG), сығылған табиғи газды (CNG), көмірді алмастырғыш ретінде немесе жанартылатын энергия</p>	<p>табиғи газды пайдалану нәтижесіндегі парниктік газдардың тікелей шығарындылары шығарылатын энергияның 270 г СО<sub>2</sub>-экв/кВтсағ-тан төмен немесе қызмет нәтижесіндегі жыл сайынғы парниктік газдардың тікелей шығарындылары 20 жыл ішінде объект қуатының</p>

				<p>көздеріне қосымша ретінде диметил эфирін (DME) пайдаланатын жылу және электр энергиясын өндіруге арналған қондырғылар; электрлік жылытуға немесе сұйылтылған газбен жылытуға көшу (LPG); газдары пайдаланып жылу өндіруге арналған қондырғылар</p>	<p>орташа 550 кг CO<sub>2</sub>-экв/кВт-тан аспайды; көмірді бастапқы отын ретінде пайдаланатын қондырғылар алып тасталады</p>
<p>8. Өтпелі энергетика</p>	<p>8.1 Баламалы көздер, отынды алмастыру</p>	<p>8.1.2 Атом энергетикасына арналған жабдықтарды өндіру</p>	<p>26, 27, 28</p>	<p>атом электр станцияларының қосалқы жабдықтары, радиациядан қорғау материалдары, қауіпсіздік және бақылау құрылғылары; уран өндіру, уранды тазарту және конверсиялау, уранды байыту және отын элементтерін өндіруге арналған өндірістік жабдықтар; пайдаланудан шығарылған ядролық объектілер мен радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу, тиісті тазарту жабдықтары мен уран кеніштерін</p>	<p>шектеу жоқ</p>

		кешенді кәдеге жаратуға арналған жабдықтарын өндіру	
8.1.3 Атом электр станцияларын салу және пайдалану	35.11.3, 42.22	экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ескере отырып, ядролардың басқарылатын бөлінуінен жылу бөлетін және үшінші, төртінші және одан жоғары буындардың ядролық технологиялары н пайдалана отырып, электр энергиясын өндіретін объектілерді салу және пайдалану; атом электр станцияларының тұрақты және қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ететін, оның ішінде ядролық энергетика саласының қалдық өнімдерін кәдеге жарату бойынша инфрақұрылым салу.	жобаны іске асырудың рұқсат етілгендігі туралы ҚОӘБ қорытындысын ың болуы; радиоактивті емес және радиоактивті қалдықтарды пайдалану мерзімінің соңында барынша қайта пайдалануды немесе өңдеуді қамтамасыз ететін жұмыс істеу жоспарының болуы; радиоактивті емес шығарындылар ірі отын жағатын қондырғылар үшін ЕҚТ шеңберінде (BREF) (BAT-AEL немесе шекті мәндер) шығарындылар деңгейлері шектерінде болады. Атом энергиясын пайдалану, радиоактивті қалдықтар мен пайдаланылған ядролық отынды сақтауды және көмуді ұйымдастыру саласындағы ұлттық

#### Ескертпелер:

\* жобалардың белгілі бір кіші секторына сәйкес келетін Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышының (ЭҚЖС) кодтары қызметі экономикалық қызмет сыныптамасын есепке алуды көздейтін ұйымдардың "жасыл" таксономияны қолдануын оңайлату мақсатында келтірілген. ЭҚЖС кодтары жобаларды экологиялық тұрақты жобалар санатына жатқызудың дербес өлшемшарты болып табылмайтынын назарға алу керек, өйткені олар өзгелерден басқа, тиісті таксономия санатының, секторының немесе кіші секторының мазмұнын көрсетпейтін тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің және жұмыстардың түрлерін, сондай-ақ таксономияда белгіленген шекті өлшемшарттарға сәйкестік жобаларды "жасыл" санатқа жатқызудың шарты болып табылатынын қамтуы мүмкін.

Егер "жасыл" жоба ретінде сыныптау мақсатында таксономияға сәйкестік тұрғысынан қаралатын жоба немесе қызмет өзінің мәні мен қолданылатын технологиялардың сипаты бойынша Таксономияның мазмұндық бөлігіне (санаттардың, секторлардың, кіші секторлардың атауларына, келтірілген мысалдар мен шекті өлшемшарттарға) сай келсе, онда қарастырылып отырған санат шеңберінде таксономияда болжам бойынша бұл жоба немесе қызмет сәйкес келетін ЭҚЖС тиісті кодының болмауы оны тиісті таксономия ретінде сыныптаудан бас тартуға негіз болмайды.

ЭҚЖС көрсетілген сыныптамасы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өндірушілерге қолданылады және тиісті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алатын жеке және заңды тұлғаларға қолданылмайды;

\*\*мұнда және одан әрі ЕҚТ ең алдымен ең үздік қолжетімді техниканың ұлттық анықтамалықтарын білдіреді (ҚР ЕҚТ). Қазақстан Республикасының ең үздік қолжетімді техникаларының ұлттық анықтамалығы болмаған кезде Еуропалық Одақтың тиісті ЕҚТ (BREF) анықтамалықтарына сілтеме жасау қажет;

\*\*\* 2035 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АКТ – ақпараттық және коммуникациялық технологиялар

ЖЭК – жаңартылатын энергия көздері

ЕҚТ – ең үздік қолжетімді техникалар

ҚР СТ – Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты

BAT-AELs – BREF анықтамалықтарында келтірілген шығарындылардың ілеспе деңгейлері



BREEAM, LEED, EDGE, DGNB – танылған халықаралық рейтингтік бағалау жүйелері және ғимараттардың экологиялық тиімділігі мен экологиялық құрылыс стандарттары

BREF (Best Available Techniques Reference Document) – Еуропалық Одақтың ең үздік қолжетімді техникалары бойынша анықтамалықтар; өнеркәсіптік қызметке, жабдықты пайдалану шарттарына және қоршаған ортаға ластаушы заттардың төгінділері мен шығарындыларының нормаларына қатысы бар анықтамалық құжаттардың сериясын білдіреді

CO – көміртегі монооксиді (улы газ)

CO<sub>2e</sub> (CO<sub>2</sub>-эквиваленті) – парниктік газдар шығарындыларының көлемін бағалау үшін пайдаланылатын шартты бірлік, бұл жақсылап араласқан парниктік газдың шығарындысы немесе жақсылап араласқан парниктік газдар қоспасы көлемінің әсеріне балама радиациялық әсері бар көмірқышқыл газының (CO<sub>2</sub>) шығарылу көлемін білдіреді; бұл ретте қоспаның әр газының шығарылу көлемі оған сәйкес келетін жаһандық жылыну әлеуетіне көбейтіледі

CSP – күн энергиясын шоғырландыру технологиясы

NO<sub>x</sub> – NO және NO<sub>2</sub> азот оксидтері

PV – фотоэлектрлік элементтер модулі (күн энергиясын өндіру үшін)

SO<sub>2</sub> – күкірт диоксиді (IV)

VFD drive – жиілікті реттегіш жетек